

## **ЛЕПТОСПИРАНЫҢ ӨНДІРІСТІК ШТАМДАРЫНЫҢ АНТИГЕНДІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АНЫҚТАУ**

**К. Е. Мурзабаев,** вет. ғылымдарының кандидаты

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Алынған деректерге сүйенер болсақ, иммунды қан сарысулар құрамында *Hebdomadis* 1:25600, *Pomona* 1:52000, *Grippotyphosa* 1:26500, *Sejroe* 1:52000, *Tarassovi* 1:25700 және *Icterohaemorrhagiae* 1:52000 серологиялық типтеріне қарсы антидene титріндегі агглютининдердің болатындығын көрсетті. Бізben зерттелген лептоспиралардың өндірістік штамдары өздеріне тән антигендік белсенділікке ие. Сүйиқ қоректік орталарда лептоспиралар қозгалышы, негізгі қозгалу формаларына: тік сзызық, айнала және дөңгелене қозгалуы жатады. Осы қасиеттері өзге микроорганизмдерден оцай ажыратуға мүмкіндік береді.*

*Полученные данные показывают, что иммунные сыворотки содержат агглютинины в титрах против серотипа *Hebdomadis* 1:25600, *Pomona* 1:52000, *Grippotyphosa* 1:26500, *Sejroe* 1:52000, *Tarassovi* 1:25700 и *Icterohaemorrhagiae* 1:52000. Таким образом, изученные нами производственные штаммы лептоспир обладали характерными антигенными свойствами. В жидких питательных средах лептоспирты подвижны, основными формами движения являются: прямолинейные, врачательные и круговые, что позволяет безошибочно дифференцировать от других микроорганизмов.*

*The obtain data shows that immunological serum had agglutinins in the solution *Hebdomadis* 1:25600, *Pomona* 1:52000, *Grippotyphosa* 1:26500, *Sejroe* 1:5200, *Tarassovi* 1:25700 and *Icterohaemorrhagiae* 1:5200. So the stams of leptospir were researched by us had antigenetical quality. The leptospirs are active in the liquidly nourishing midst. The main forms of their movement are straight, revolve and circular this movements gives us different faultless from other microorganisms.*

Лептоспирозға жануарлардың барлық түрлері және адам шалдығады. Жануарларда бұл ауру қысқа мерзімді қызба күйінде өтеді және осы шакта анемия, сары ауру, гемоглобинурия, қанталаған диатез, кілегей қабықтардың және терінің өліеттенуі, ас қорыту органдарының атониясы байқалады. Кейде іш тастап өлі немесе тіршілік етуге қабілетсіз төл алынады.

Аталған аурудың қоздырышы – лептоспиралар, олар кейбір морфологиялық және физиологиялық белгілері бойынша спирохеталардың дербес *Leptospira* тузына жатқызылды. Қазіргі кездегі ажырату бойынша лептоспиралардың екі түрі – паразиттік (*L. interrogans*) және сапрофитті түрі (*L. biflexa*) бар. Бұларға әр түрлі серологиялық типтер кіреді, олардың антигендік қасиеттері әртүрлі.

Антигендік жағынан туыстас серотиптер серологиялық топтарға біріктіріледі. Ауру қоздыратын лептоспиралар тізбесінде 183-ке жуық серотип саналады және бұлар 25 серологиялық топқа біріктірілген.

Лептоспиралар денесі бойында орналасқан ұзынша жіңішке болып келетін осытің көмегімен қозгалады, бұл жіппелерге цитоплазмалық спираль бұранда тәрізденіп оралады. Зардапты және сапрофитті лептоспиралардың морфологиясы ұқсас екендігіне қарамастан, олардың арасында антигендік өзгешеліктері кездеседі.

Қазіргі кезде зардапты лептоспираларды өсіру үшін Уленгут, Любашенко, Терских, Ферворот-Вольфа, твин-альбуминді, Кортгоф, Кокс, ГНКИ-1 сарысусыз, Флетчер жартылай сұйық және тағы да басқа коректік орталар пайдаланылады [1, 2, 3].

Лептоспира өсіндерін бөліп алу үшін микроскопиялық зерттеу мақсатында пайдаланылған стерильді материал қолданылады. Себінділерді арнағы қоректік орталарда 28-30 °C температурасында 3 ай бойы өсіреді. Өсіндердің өсуін 3; 5; 7; 10 және әр 5 күн сайын микроскоптау арқылы бақылайды. Биосынама қою үшін 10-20 күндік қоян көжектері, сирегірек ересек қояндар мен теңіз шошқалары пайдаланылады. Зерттелетін материалды тери астына немесе құрсақ ішіне ендіреді.

## *Ветеринариялық ғылымдар*

Бөлініп алынған лептоспираның қандай серологиялық топқа жататындығы агглютиндеуші лептоспироздық сарысулармен микроагглютинация реакциясымен қиғаш крест қою арқылы, ал қандай серологиялық типке жататындығы иммуноабсорбция реакциясымен анықталады. Ауру, ауырып жазылған және індег көзімен жанақсан жануар қанынан арнайы антиденелерді табу үшін комплементті байланыстыру реакциясы (КБР), енжар гемагглютинация реакциясы (ПГР), гемолитикалық тест реакциясы (ГТР), микроагглютинация реакциясы (МАР), макроагглютинация реакциясы (АР) ұсынылған. Зертханалық тәжірибе жүзінде микроагглютинация реакциясы (МАР) немесе макроагглютинация реакциясы (АР) жануар қанынан арнайы антиденелерді табуға пайдаланылады.

МАР-да антиген ретінде микроскоптың көру алаңында 70-100 міроб клеткаларының жиналатын 6-13 серологиялық тобының таза, тірі лептоспира өсіндері пайдаланылады.

А. П. Шатров, А. Ф. Кирпичев өздерінің зерттеу материалдарында, Қазақстандағы ауыл шаруашылық малының лептоспирозы туралы мәліметтер көлтірген. Ірі қараның спонтанды лептоспирозының клиникалық картинасы Қазақстанның 36 шаруашылығында зерттеліп, анықталған [4].

Лептоспиралардың культурасында гемолизин болады, оның күйіс қайыратын жануарлар эритроцитін, өсіреле қошқар эритроцитіне қарағанда пәрменділігі арта түседі. Гемолизин 56 °C температурада 10 минут ішінде бұзылады және кептірілген күйінде 4 айға дейін сақталады. Оның белсенделілігі pH 7,4-8,0 және 37 °C температурада арта түседі. Организмге гемолизин енгізгенде антиденелер түзілмейді, бірақ иммунды сарысу енгізгенде ол бейтаралтанады. Лептоспира серотиптері гемолизин түзуге қашанда кабілетті. Лептоспиралардың культурасын ультра дыбыспен бұзу арқылы даярланған препараттарды иммунохимиялық әдіспен тексеруден өткізгенде оларда типтік және туыстық арнайы антигендердің болатындығы анықталды.

Сонымен бірге ультра дыбысты антигендердің антигендік қызметі белок фракциясына байланысты болатындығы анықталды. Тұрлі серотиптерге жататын лептоспиралардың клеткаларынан прецитиногендер табылды, олардың өзіне тән қасиеттері болады. Қазіргі кезде практикалық маңызы бары – агглютининдер. Лептоспироздың қоздырығышы тек қана агглютинация реакциясын қою арқылы басқалардан өзгешеленеді. Бұл реакция серологиялық диагностика әдісінің негізі болады және лептоспираларды сұрыптау жолында қолданылады. Лептоспираларды зерттеліп отырған сары судан агглютининдерді көптеген серотип антигендерімен жүйелі сорып алу, оның антигендік құрылымын толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Лептоспиралар сұйық, қоймалжың және тығыз қоректік орталарда өсіріледі. Олардың жақсы өсуі үшін қоректік ортага үй қоянының немесе қойдың қан сарысусы қосылады. Соңғы кезде сарысудың орнына альбумин немесе ақуызызы синтетикалық қоректік заттар пайдаланылады.

Лептоспиранның биохимиялық қасиеттері толық зерттелмеген. Көптеген зерттеушілер зардапты лептоспиралардың көмірсуларды және көп атомды спирттерді сініретін немесе бұл заттар бар жерде жедел өсетінін дәлелдеп шыға алмады.

Ол ортаниң 1 литрінде лактозаның, мальтозаның, глюкозаның және басқа көмірсулардың жиналып қалған жағдайда лептоспиранның өсуінің тежелуі, тіпті қырылыш қалуы орын алған.

Лептоспирозды анықтау және қоздырушы штамын типтеу үшін микроагглютиніді еру реакциясы (Мартин, Петит; Шуфнер, Мохтар), тромбоцитобаринді реакциясы (А. М. Брусин, И. Л. Кричевский, Р. З. Чериковер), комплементті байланыстыру реакциясы (Геттес; А. А. Варфоломеева; М. А. Мусаев) және гемолитикалық тест (Кокс; В. П. Ложа) ұсынылғаны белгілі [5, 6].

**Зерттеу мақсаты:** микроагглютинация реакциясындағы лептоспира өндірістік штамдарының антигендік белсенделілігін зерттеу.

**Әдістер мен материалдар.** Лептоспираларды қайта себудің ең жақсы уақыты өсірудің 5-7 күндері, ал вакцина дайындауда микроскоптың көру алаңында лептоспиралардың 150-250 анықталып, ең көп шоғырланатын мерзімі 7-8 тәуліктер болып табылады.

Сұйық қоректік ортада өсірілген лептоспиралар тұнба, қабырғалық сақина, жұқа қабық, бөгде иіс түзбейді. Өсіру ортасы мөлдір, әлсіз опалесценция байқалды.

Жоғарыда аталған лептоспиранның өндірістік штамдарының антигендік қасиеттерін тірілей салмағы 40-50 г болатын, 2-3 алталақ қалтаауыздардың құрсақ ішіне микроскоптың көру алаңында 150-250 лептоспиралар шоғырланған, 5-7 күндік өсіндерін егу арқылы зерттедік.

Залалдаудан кейін 14 күннен соң, қалтаауыздарды қансыздандырып, алынған қан сарысусында антидененің бар-жоқтығы микроагглютинация реакциясымен тексерілді. Деректер 1 кестеде берілген.

**1-Кесте – Микроагглютинация реакциясындағы лептоспира өндірістік штамдарының антигендік белсенділігі**

Штамдар атауы	Қалтаауыздардың қан сарысуындағы титрлері								
	1:200	1:400	1:800	1:1600	1:3200	1:6400	1:12800	1:25600	1:51200
L.hebdomadis	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++	-
L.pomona	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++++	+++
L.grippotyphosa	++++	++++	++++	++++	++++	++++	+++	++	-
L.sejroe	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++++	+++	+++
L.tarassovi	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++++	+++	-
L.icterohaemorrhagiae	++++	++++	++++	++++	++++	++++	++++	+++	+++

Микроагглютинация реакциялары залалдау үшін қолданылған L. pomona, L. Gripotyphosa, L. hebdomadis, L. sejroe, L. tarassovi және L. icterohaemorrhagiae серологиялық тоptарының өндірістік штамдарымен жүргізілді (лептоспиралардың барлық есіндері алдын ала қалтаауыздарға пассивтелінді).

**Алынған нәтижелер мен талдаулар.** Алынған деректерге сүйенер болсақ, иммундық қан сарысулар құрамында Hebdomadis 1:25600, Pomona 1:52000, Gripotyphosa 1:26500, Sejroe 1:52000, Tarassovi 1:25700 және Icterohaemorrhagiae 1:52000 серологиялық типтеріне қарсы антидене титрінде агглютининдердің болатындығын көрсетті. Бізбен зерттелген лептоспиралардың өндірістік штамдары өздеріне тән антигендік белсенділікке ие.

Сұйық қоректік орталарда лептоспиралар қозғалғыш, негізгі қозғалу формаларына: тік сзызық, айнала және дөңгелене қозғалуы жатады. Осы қасиеттері өзге микроорганизмдерден оңай ажыратуға мүмкіндік береді.

Лептоспиралардың жедел өсуі өзге микроорганизмдермен салыстырғанда инкубациялаудың 5-7 тәуліктері анықталып, лептоспиралардың көбейе фазасы 3-ші тәуліктері басталды.

Ауыл шаруашылық жануарларының лептоспирозына қарсы вакциналардың толыққүндылығын анықтау үшін, біз Leptospira hebdomadis, Leptospira pomona, Leptospira grippotyphosa, Leptospira sejroe, Leptospira tarassovi және Leptospira icterohaemorrhagiae лептоспиралардың өндірістік штамдарының биологиялық және морфологиялық қасиеттерін «жанышылған тамшы» қағидасы бойынша препараттарды микроскоптау жолымен зерттедік.

Лептоспиралардың өндірістік штамдарының уыттылық және антигендік қасиетке ие екендігі анықталды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде көрсетілгендей, лептоспирозға қарсы курсудің тиімді жолдарына ауруды үақытыны анықтау және оны арнайы дауалау шаралары жатады. Лептоспирозға қарсы вакцинаның иммуногендік белсенділігі туралы сұрақ көптеген зерттеуші ғалымдар арасында әлі де болса пікірталас тудыруда.

Кей мамандар лептоспирозға қарсы вакциналар аурудың пайда болуының алдын алады десе, келесілері лептоспиратасымдаушылар және аурудың «симптомсыз» формасының алдын алу үшін вакциндеуден кейінгі иммунитет қажетті деңгейде қалыптаспайды деген пікірде.

**Қорыттынды.** Қазіргі таңда вакциналардың көптеген түрлери ұсынылғанымен де іс жүзінде белсенділігі төмендетілген вакциналар ғана кеңінен қолданылада. Бұл вакциналардың тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Аса маңыздылары болып: серологиялық топ және антигендік материал концентрациясы, лептоспираларды өсіру үшін қолданылатын коректік орталарды таңдап алу болып табылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Белозеров, Е. С. Иктерогеморрагический лептоспироз. / Е. С. Белозеров, Ю. П. Арапов, – Алма-Ата. – 1993. – 133 с.
2. Джанков, И. Лептоспироз животных. / И. Джанков, – Минск : Ураджай. – 1985. – 127 с.
3. Сайдуллин, Т. Ветеринарлық індегітану / Т. Сайдуллин. – Алматы. – 1999. – 151 б.
4. Шатров, А. П. Лептоспироз сельскохозяйственных животных / А. П. Шатров, А. Ф. Кирпичев, – Алма-Ата : Кайнар. – 1977. – 99 с.
5. Терских, В. И. Лептоспироз людей и животных / В. И. Терских. – М. : Медгиз. – 1945. – 140 с.
6. Мук, Б. К. Роль дикой фауны в распространении лептоспироза среди сельскохозяйственных животных / Б. К. Мук. – Львов. – 1988. – С. 195-196.